

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 145 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 379 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 желтоқсанда № 16047 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 145 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10821 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидалары";

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ауыр ұшқышсыз ұшу аппараттарымен (бұдан әрі – ҰҰА) болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар бортында экипажы бар әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру тәртібіне ұксас, сондай-ақ авиациялық оқиға болған жағдайда ҰҰА-ның жіктемесіне, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге немесе мұлікке залал келтіруге қарамастан тексеріледі.";

5-тармақта:

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) қауіпті жақындасу – нәтижесінде олардың қактығысы қаупі туындайтын жартысынан аз аралықта әуе кемелерінің өз арасында немесе басқа да материалдық объектілермен абайсызда және ұшу тапсырмасымен көзделмеген жақындасу;";

мынадай мазмұндағы 36-1), 36-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"36-1) ұшқыш құрамының қате іс-қимылы (қателігі) – ниетінсіз әуе кемесін басқару жөніндегі іс-қимылды дұрыс немесе уақтылы жасамау. Ұшқыш құрамының қате іс-қимылдарын нұсқаушылар құрамы, ұшуға басшылық жасау тобының персоналы және объективті бақылау материалдарының деректері бойынша айқындалады;

36-2) ұшу тапсырмасы – авиация тегінің жауынгерлік дайындық (ұшу, оқу-жаттығу ұшу) курсымен айқындалған немесе командирдің (бастықтың) ұшқышқа бергенәуе кемесінің ұшып шығуынан бастап қонуына дейінгі ұшуға тапсырма;"

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Авиациялық бөлім командирі мемлекеттік авиацияны басқару органды басшысына және мемлекеттік авиация ұшуларының қауіпсіздігі органы басшысына авиациялық оқиға туралы дереу ауызша баяндайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Авиациялық бөлім командирі (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиға туралы жедел ақпаратты авиациялық оқиға болған сәттен бастап екі сағат ішінде мемлекеттік авиацияны басқару органды басшысына және мемлекеттік авиация ұшуларының қауіпсіздігі органы басшысына ұсынады.";

91, 92, 93-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Елеулі авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияны мемлекеттік авиацияны басқару органдының басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) құрады.

Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне тиесілігі бойынша ҰҰА-мен болған елеулі авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияны құрады.

92. Материалдық залалға немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтырған елеулі авиациялық инцидент болған жағдайда мемлекеттік авиацияны басқару органды басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тексеру аяқталған күннен бастап кешіктірмей бес жұмыс күнімерзімінде мемлекеттік органдың басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тексеру нәтижелері туралы жазбаша баяндаманы, көшірмесін – мемлекеттік авиация ұшуларының қауіпсіздігі органдына ұсынады.

Баяндамада елеулі авиациялық инциденттің сипаты, ұшқыш (ҰҰА экипажы, операторы), авиациялық техника туралы деректер, ұшу тапсырмасы, авиациялық жағдайдың мән-жайлары мен себептері, ұшқыштың (ҰҰА экипажының, операторының) және ұшуға басшылық жасау тобының (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органдың) іс-қимылдарын бағалау, материалдық залал сипаты және адамдардың

денсаулығына зиян келтіру дәрежесі, әуе кемесін қалпына келтіру үшін қажетті мерзім, осындай жағдайлардың профилактикасы жөніндегіқабылданған шаралар, ұсынымдар көрсетіледі.

93. Авиациялық инциденттерді тексеру үшін авиациялық бөлімнің командирі (бастығы) (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық инциденттерді тексеру жөнінде комиссия құрады.";

мынадай мазмұндағы 107-1-тармақпен толықтырылсын:

"107-1. Авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік авиация басқару органы басшысының және/немесе бөлім командирінің (бастығының) бұйрығы шығарылады.";

109-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"109. Авиациялық жағдайды авиациялық оқиғаға немесе инцидентке жатқызу туралы және оны жіктеу туралы шешімді авиациялық бөлімнің командирі немесе мемлекеттік авиацияны басқару органы басшысы қабылдайды.";

113-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік авиацияны басқару органында бағынысты бөлімдер мен бөлімшелердің әуе кемелерімен болған авиациялық жағдайларды есепке алу жүргізіледі";

119-тармақ алып тасталсын;

2-қосымшада:

1-тармақта:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) ұшуды орындауға және ұшуларға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналдының басшылық жасауға (әуе қозғалысын басқаруға (қызмет көрсетуге) нақты дайындығын, сондай-ақ ерекше жағдай туындаған және ол дамыған кезде экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) және ұшуларға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналдының іс-қимылдарын бағалау;

5) ұшуларды ұйымдастыруда, экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) және ұшуларға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналдының дайындығында және іс-қимылдарында кемшіліктер бар болған кезде олардың авиациялық оқиғаға әсер етуінің және онымен байланысының дәрежесін бағалау;";

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) экипаждың, ҰҰА операторының денсаулық жай-күйін, жұмыс қабілетін және психофизиологиялық қызмет ерекшеліктерін бағалау, осы факторлардың ерекше жағдайдың туындауына және нәтижесіне әсері;

8) ұшқыштың (экипаж мүшелерінің, ҰҰА операторының) моральдық-психологиялық дайындығын бағалау;";

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) ерекше жағдайдың туындауын және дамуын және ұшқыштың (экипаждың, ҰҰА операторының) және ұшуларға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының іс-қимылдарын талдау;";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әуе кемесінің ұшудағы жұмыс қабілетін бағалау мақсатында оның жай-күйін зерттеу, ал істен шығу анықталған жағдайда – оның себебін анықтау;";

7-қосымшада:

1-тармақта:

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) экипаж (ҰҰА операторы) туралы деректер;";

6) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) әуе кемесі туралы деректер;";

10-қосымшада:

1-тармақтың 13) тармақшасы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы ұшуларының қауіпсіздігін қадағалау бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресмижарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Корғаныс министрі
генерал-полковник

С. Жасұзаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы

К. Мәсімов

2017 жылғы" ____ "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

2017 жылғы" ____ "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК